

М.Горький атындағы жалпы орта мектебінде педагог – психологтың 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі.

1. Психологиялық диагностика

Оқушылардың қашықтықтан оқытуға бейімділігін анықтау бойынша **«Ер адамның суретін сал», «Менің сыныбым»** әдістемесі проективті әдісі онлайн түрде сынып чаттарына тасталып, нәтижесі анықталды. Қиын және девианты мінез- құлықты оқушыларды анықтау барысында сынып жетекшілерден ұсыныс түсіп «бақылау» картасы толтырылды, папкасы жинақталды. Тұрмысы төмен отбасы мен мектепшілік есепте тұрған оқушылардың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын зерттеу мақсатында әлеуметтік -педагогпен бірге ата-аналарымен сұхбаттасып, онлайн кеңес берілді. Тәуекел топты анықтау мақсатында **«Рефрейм»** орталығы ұсынған **«Бес Терек»** жобасы бойынша **«Кабинеттік талдау»** жұмыстарын жүргізілді. Талдау бойынша: әлеуметтік педагогтың мәліметтері, мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі, мектеп инспекторының тіркеудегі оқушылар тізімі, медбике толтыратын тізім(Д-есебі) анықталды.

Қыркүйек-ақпан айлары арасында сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауы алынып, онлайн кеңес берілді. Аутодеструктив, құқықбұзушылық анықталған отбасылардағы оқушылар тізімі алынып, оқушылармен және ата-аналарымен онлайн кеңес беру жұмысы жүргізілді.

Қазан-наурыз айлары арасында тәуекел топты анықтау мақсатында **«Далалық зерттеу»** жұмыстары жүргізіліп, 5-11 сыныптар оқушылар арасында **«Менің отбасым!» (5-7), «Менің ең жақын досым»(8-9), «Менің арманым» (10-11)** эссе алынып, талдауы жасалынды. **«Үй, адам, ағаш» (ДДЧ)** проективті әдісі, сауалнама алынып, талдауы жасалды.

Оқушылардың бағдарлы оқыту және болашақ мамандыққа көзқарасын анықтау мақсатында 9 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, қорытындысы шығарылып, оқушыларға болашақ мамандыққа байланысты түрлі тиімді кеңестер онлайн түрде берілді.

2-3. Психологиялық алдын алу, ағарту жұмыстары бойынша:

Қыркүйек айында «Баланы қашықтықтан оқытуға ата-ананың рөлі және психологиялық қолдау» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, ата-аналармен алдын алу жұмысы жүргізілді. Қазан айында «Қашықтан оқытуда ұстаздың оқушыға психологиялық ақуалына назары» атты онлайн презентация көрсетіліп, пән мұғалімдерімен алдын алу жұмысы жүргізілді.

Қараша айында 6-7 сынып оқушылар чатына «Өз көңіл-күйіңді қалай басқаруға болады?» бейнеролик ұсынып, талдау жасау арқылы әңгіме жүргізілді.

Желтоқсан айында 7-11 сынып оқушыларының ата-аналар чатына сынып жетекшілер арқылы **«Буллинг түрлері»** тақырыбында презентация таныстырылды.

Қаңтар айында қыздар арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында 7-11 сынып қыздарымен, ата-аналарымен **«Қазақ қызы қандай болуы керек?»** тақырыбында ZOOM арқылы дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Ақпан айында 7-11 сынып ата-аналарына **«Жанұядағы жанжал, оны шешу жолдары»** тақырыбында ZOOM арқылы баяндама оқылып, тыңдалды.

Наурыз айында педагогикалық ұжыммен **«Педагогикалық әдеп нормалары»** тақырыбында ағарту сабағы өткізілді.

Сәуір айында 1-11 сынып ата-аналар және педагогтар арасында балалардың жас ерекшелігінде кездесетін қиындықтар түрлері жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айында 9, 11 сыныптар арасында **«Мамандық таңдау- өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау»** тақырыбында тренинг өткізілді.

4. Психологиялық түзету-дамыту жұмысы бойынша:

Оқушылармен психокоррекциялық жұмыс психологиялық түрде дұрыс дамыған балаларға да, сонымен қатар оқу барысында, мінез – құлқында қандай да бір күрделі психологиялық мәселелері байқалатын балаларға да бағытталына алады. Алғашқы жағдайда дамытушы

жұмыстың басым қолданылуы, ол екінші жағдайда – түзету (коррекциялық) жұмысының орындалуы жоспарланады. Толық әрі жан – жақты ұйымдастырылған түзетуші – дамытушы жұмыстың негізгі принципі – оқушыға ықпал етудің тұтастығы болып табылады. Жеткіншектермен жеке бас ерекшеліктерін дамыту және қарым-қатынасқа нашар түсетін оқушылармен «Көңіл-күй кімге және кімге байланысты болады?» түзету жұмыстары жүргізілді. Наурыз айында 8-11 сыныптар «Қоқыс шелегі» жаттығуы жүргізілді, оқушылардың бойындағы жағымсыз мінез-құлық пен әдеттерден арылды. Сәуір айында бірінші сынып оқушыларымен *"Көңіл-күйімізді суреттейміз"* жаттығуы, 2-4 сынып «Отбасымның амандығы менің қуанышым» бейнеролик көрсетіліп, конкурсқа қатысты. Мамыр айында 11- сынып оқушыларымен ҰБТ-ке дайындық барысында «Мен жеңімпазбын!», «Мен жеңген әдеттер!» жаттығулары жүргізілді.

5. Әлеуметтік-диспетчерлік қызмет.

Қыркүйек-мамыр айларында психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес алуда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мінездеме жасалып, ПМПК-ға (қажетіне қарай) ұсынылды.

Жыл бойында дамуында патологиялық ауытқуы бар балалардың ата-аналарынан, пән мұғалімдерінен, және сынып жетекшінің сұраныстары бойынша оқушымен жұмыс жүргізіліп отырды.

Қараша-желтоқсан айларында әскери комиссариатқа баратын оқушылардың мінездемесін дайындалып, әскери комиссариатқа (қажетіне қарай) ұсынылды.

«**Сенім жәшігі**» жұмыс жасап, түскен хаттар талқыланып, керек жағдайда мектеп әкімшілік кеңесінде қаралды. Мектеп директорының құқықтық тәрбие – ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, оқу-тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарларымен тығыз байланыста болып жұмыстар өз деңгейінде жүргізіліп отырды.

Дайындаған :Ахметова Х.М. Закираева Р.Т



